

2003 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 744 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2003 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі Әсет Өрентайұлы Исекешевке 2003 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.11.2014 № 1174 қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ы

3 0

м а у с ы м д а ғ ы

№ 7 4 4

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Жоба

2003 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі,

2003 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз

Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімнің (бұдан әрі – Келісім) 19-бабын басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімнің 5-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

« 5 - б а п

«1. Автокөлік құралдарымен жүктерді тасымалдау рұқсат болмаса да:

1) екі Тарап мемлекеттерінің арасында;
2) екі Тарап мемлекеттерінің аумақтары бойынша транзит арқылы жүзеге асырылады.

2. Уақытша (транзиттік) тіркеу нөмірлері бар, айырым белгілерінсіз бос автокөлік құралдарын межелі жерге айдап бару кезінде де рұқсат талап етілмейді.»

3. Екінші Тарап мемлекетінің аумағынан үшінші елдің аумағына және үшінші елдің аумағынан екінші Тарап мемлекетінің аумағына жүктерді тасымалдау екінші Тарап мемлекетінің құзыретті органынан алынған рұқсат негізінде орындалады.

Егер екі Тарап та қатысушысы болып табылатын өзге халықаралық шарттарда жүктерді үшінші ел аумағына/аумағынан екінші Тарап аумағына тасымалдауды жүзеге асырудың өзге тәртібі белгіленсе, онда мұндай тасымалдаулар осы халықаралық шарттар негізінде жүзеге асырылады.»

2-бап

Келісімнің 10-бабының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жүргізушілерде өздері басқаратын автокөлік құралдарының санатына сәйкес келетін ұлттық немесе халықаралық жүргізуші куәліктері және автокөлік құралына ұлттық тіркеу құжаттары болуға тиіс.

Уақытша (транзиттік) тіркеу нөмірлері бар, айырым белгілерінсіз бос автокөлік құралдарын межелі жерге айдап бару жағдайында жүргізушілерде осы автокөлік құралдарына арналған уақытша тіркеу құжаттары болуға тиіс.»

3-бап

Осы Хаттама оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күнінен бастап күшіне енеді.

20__ жылғы «__» _____ қаласында әрқайсысы қазақ,

қырғыз және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК